

# ТАРИХИ ЖӘДІГЕРЛЕРДІ ДӘРІПТЕУ – ЖАҢҒЫРУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕС

Рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі. Рухани жаңғыруды өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз.

Тарих сахнасына көз жүгіртсек, өскен үлттың өрбі түсініне осы рухани жаңғыру дәлел. Қоңа замандағы көрікті қалаларымыз, сән салтанаты келісікен озық ескерткіштейіміз, мәдени мұраларымыз ерекше айғақ болып табылады. Рухани жаңғырудың негізі – халықтың, жеке адамның тұлғаға айналуы. Әр заманың өз міндеті, ұрпаққа қояр талабы бар болатындыңдай, мемлекеттің дамуы – ұрпақтың уақыт талабына сай бейімделіп, мәдени ортаға қалыптасуға деген үмтүлісінде байланысты.

Рухани жаңғырудың бірнеше бағыттарын атап өтсек:

Ұлттық бірегейілікті сақтау. Ұлттық жаңғыру – ұлттық сананың кемелденуі. Бірінші, Елбасы айтқандай «жаңа мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екінші – ұлттық болмыста тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты ұлттық кодты сақтай білу.» Ұлттық ың өзегін сақтау, өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту.

Бәсекелік қабілет. Ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықтағы бағасы, өзгелерден сапасымен ұтымды дүние үсынуға қабілеті. Заман талабына сай тұтас халық қана емес, жеке адамның өзі бәсекелік қабілетін арттырып, табысқа жетуге мүмкіндік алады.

Прагматизм. Өзінің ұлттық және жеке байлығында накты білу, сол байлықты үнемдей отыра қолдана білу. Болашақты жоспарлай отыра, ысырапшылдық пен даңғойлық қасиеттерге жол бермеу. Білім алуға, мақсатқа жетуге, кәсіби тұрғыдан жетілуге деген ынта ықылас, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану мінездің прагматизмі. Заманауи әлемдегі бірден-бір үлгі.

Білімнің салтанат құруы. Біздің қанымызда бар қасиет – білімді болуға үмтүлу. Табысты болудың басты факторы – білім. Жыл өткен сайын, біз жүрісі жылдам дамыған дәуірге аяқ басып келеміз. Сондықтан, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын үлт биік табыстарға жетеді.

Қазақстанда осы рухани жаңғыруға байланысты көптеген іс-шаралар өткізіліп жатады. Жастарды рухани жаңғыруға шақыру мақсатында, тіпті қарияларды да қатыстырып өткізетін іс-шаралар бар. Оның бірден-бір себебі, рухани мәдениетімізді толықтай біліп, қарияларымыздан салт-дәстүрлерімізді үйреніп, оны әрмен қарай жалғастыру жастардің міндеті екендігін санамызға сініруге ықпал етеді. Біз өз еліміздің рухани мәдениетімізді, салт-дәстүрлерімізді білу үшін міндетті турде тарихқа ерекше көңіл бөлуіміз және оны жүрекпен қабылдай білуіміз керек.

Десек те келешекте ескеретін мәселелер жоқ емес. Мұрағат құжаттары негізінде киелі жерлердің картасы жасалып, «Рухани жаңғыру» және «Рухани қазына» бағдарламаларына енгізілгенімен, кей тарихи нысандар қамқорлыққа зәру. Со-лардың бірі – республикалық маңызға ие, ежелгі энеолит дәуірінің ғажайып ескерткіші саналағын, ежелгі адамдар мекені болған, жылқы қолға үйретіліп, кымыз аштылған Ботай қонысы. Біздің дәуірімізге дейінгі бесінші ғасырда негізі қаланған Бай қара ескерткіші де назардан тыс қалған тәрізді. Қасиетті нысандардың дені жырақ жерлерде орналасқандықтан, адамдар бара бермейді. Бірқатары тозғандықтан, заманауи талаптарға сай жаңғыртуды қажет етеді. Қазақстандағы тарихи кесенелер мен қоныстарды естен шығармай жастарға дәріптеу рухани жаңғыруға үлкен үлесін қосады деп үміттенемін.

Менің ойымша, бір ел тату-тәтті өмір сүріп рухани жаңғыруға әрбір азamat өз үлесін қосқан кезде бірегей болып дами түсетініміз анық. Кез-келген үлт, кез-келген адам өзі өмір сүріп жатқан еліне деген шынайы махаббатпен, патриоттық сезіммен қарай білсе, «нұр үстіне нұр» деген осы шығар. Ел болашағы-жастардың қолында, демек әрбір қазақ баласы еліміздің көркеюіне, өркендеуіне өз үлесін қосуы тиіс.

Г. СЕРІКБАЕВА

М Әуезов атындағы

ОҚУ-ДЫҢ АГА ОҚЫТУШЫСЫ, МАГИСТР,

А. АБДРАМАНОВА,

ЕП-21-3к2 ТОБЫНЫҢ СТУДЕНТІ